

## **№ 2 Дәріс. Антика және ортағасыр жаңа заман кезеңіндегі саясат философиясының қалыптасуы мен дамуы**

**Дәрістің мақсаты:** Антика және ортағасыр жаңа заман кезеңіндегі саясат философиясындағы саяси ойдың дамуын, философиялық негізде қарастыруға, саяси әлемнің мәнді жақтарын ашып көрсету бағытталады.

### **Дәріс жоспары:**

1. Саясат философиясының антикалық бастаулары
2. Ортағасыр кезеңіндегі саяси философиясының дамуы
3. Жаңа замандағы саяси философияның қалыптасуы

Антикалық демократияның қазіргі демократиядан тағы да бір айырмашылығы теңдік мәселесінде болды. Антикалық демократия тек құлдық қоғам ғана болған жоқ, ол еркін азаматтардың қоғамдық мәселелермен айналысып, қара жұмыстан босатылуы да болды. Сондай-ақ, Аристотель өз еңбегімен өмір сүретіндерге азаматтық беруге қарсы болды. Ол: шаруалардың және игілікке қызмет етпейтін барлық өзге таптардың азаматтық алуға құқықтары жоқ. Ал қазіргі демократия айырмашылық пен өзгешелікке байланысты адамдардың әлеуметтік шығу тегі, топқа жатуы, жыныстық т.б. тұстарын мойындамады. Ұсынылып отырған контексте ежелгі дәуірдің түрлі архэ мен апейроннан әділеттіліктің түсініктемелері кездеседі. Ежелгі гректер мен римдіктер кең мағынада «әділеттілік» түсінігін қолдана білді. Синонимдік жағынан заңдылық, шынайылық, қарыздың орындалуы түсініктерімен байланысады. Әсіресе қылмыстың шектеуін ғасырлар бойы осы түсінекке теңестіреді. Платонның ойынша әділеттілікті қарызды төлеумен деп есептеді. «Мемлекет» атты төртінші кітапта мынадай анықтама береді: «егер де үш сословие өздерінің тіршіліктерімен айналысса, қала әділетті болады». Аристотельдің пікірінше «әділеттің екі түрі болады, біреуі заңға сәйкес, егер де заңға негізделіп орындалса, онда заң талаптары кемелділікке алып келеді. Демек, әділетті ол жақсылық жасаушы деп айтады. Платондық Фрасимах бұл сұрақты оңай түсіндіре келе, әділеттілікті күштінің талабына сай келтірді, яғни үкімет билік кімнің қолында болса, сол адамға табынуды айтты. «Әділеттілік ол күштіге тиістіні айтады. Ежелгі рим авторларының позициясының келтірер болсақ, Цицеронның айтуынша «әділеттіліктің бірінші мәселесі – заңға қайшы келетін, ешкімге зиян тигізбеу; кейіннен қоғамдықтың қоғамдық тұрғыда, жекені өзің ретінде қарау. Заңның әділетті және әділетті емес екендігін табиғи құқыққа лайық немесе лайық емес екендігін айтады. Дегенмен де антикалық ойшылдар «әділеттілік» терминін өзіндік өркениеттілік мағынасында бірдей түсіндірді, тек қана қазіргі либерализм немесе социализм, консерватизм ретінде емес.

Идеялар мен олардың мағыналары емес, керісінше әлеуметтік саяси күштердің ұсынушылардың ойларына әртүрлі тарихи дәуіріне қарай түсіндіріліп отырады. Антика әлемінде басқарудың түрлі формалары бір бірінен айырмашылықтары бола қойған жоқ. Аристотельдің айтуынша, кез келген басқарудың түрі биліктегі санына қарамастан, билеушілер халықтың қамы үшін еңбек етсе, тек өзіндік жеке мақсаттарға айналмауын айтады. Мысалы: бір билік ету монархия формасына дұрыс, тирания үшін теріс, аристократия жақсы, ал олигархия жаман, полиция – дұрыс бола тұрып, демократия кері әсерін тигізуі мүмкін. Ежелгі грек ойшылдарының философиялық рефлексия полистерге негізделген. Топтық бірлестіктер, діни ұйымдар, қала республикаларының әскери бірлестіктері де антикалық философтардың ерекше орынға ие болған емес. Философиялық рефлексия назарына ежелгі шығыс және әлемдік империялар шетте тыс қалған емес, яғни олардың өмірдегі жағдайындағы полистерін салыстыру үшін қажет болды. Мемлекеттің тым үлкен болуы да ерекше маңызға ие болды, себебі мемлекет өзіне өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруы болды, сонымен бірге тым шекарысының үлкен болуы да өзіне тән қиындықтардан, бақылау мен басқарудан өзін алшақтауы мүмкін.

Көне дүниенің аяқталуы мен өмірлік құрылымның барлық негізгі мәселелерінде христиан дінінің үстемдігі мен ортағасырлық кезеңінің басталуы ескі дүниемен радикалды ажыратылуын білдіретінін дақпыртсыз айтуға болады. Ең алдымен бұл адамдардың өзін-өзі құруының полистік формасының және көне классикалық мәдениетінің түбегейлі жойылу кезеңі болды. Пұтқа табынушылық пен христиан діні дүниетанымның әртүрлі жүйелерінде құрылғаны туралы ешкім де күмән туғызбайды. Орта ғасыр бойы өмірдің барлық саласының бірлік принципі, олардың белгілі бір бірыңғай бастамаға бағынушылық пен бөлінбестігі өз күшін сақтады. Сондықтан философия қоғамдық және жеке өмірдің барлық аспектілерін зерттеуге және түсіндіруге арналған әмбебаптығы пән мәртебесін сақтағаны таңғаларлық емес. Дегенмен орта ғасырда философияның орны, рөлі және мәселелері антикалықпен салыстырғанда үлкен өзгерістерге ұшырады. Осы өзгерістердің ішіне дүниенің негізгі мәселелерінің қойылуындағы радикалды өзгерістер де кірді. Стоиктердің өздері де ізгілікті өмірді азаматтың мемлекетке қатынасы бойынша емес, жанның Құдайға қатынасы жағынан бағалады. Стоиктерден кейін христиандықтар адамның Құдай алдындағы парызы адамның қоғам мен мемлекет алдындағы парызынан маңызды екендігіне сенді. Орта ғасырларда Батыста осы екі бастама арасындағы жанжал рим-католиктік шіркеу мен ақсүйектер арасындағы, папа мен дербес мемлекеттер корольдерінің арасындағы күреске ұласты. Осы күрес нәтижесінде Италия, Франция, Испания, Ұлыбритания, Ирландия, Германия, Скандинавия және Польшада шіркеулік хұкіметінің күші бар папа жеңіп шықты.

Константин христиан дінін қабылдағаннан кейін христиандық теология саяси мағына ала бастады. Дін феодалдық қоғамның мәдениеті мен дүниетанымының өзегі болды. Дін қызметкерінің қолындағы саясат, құқық

және хұкімет дін ілімінің қолданбалы саласына айналды. Биліктің діни пайда болуы мен оған бағыну және қарсы тұруға жол бермеу туралы жорамалға аса үлкен назар аударылды. Апостол Павел өзінің «Римдықтарға жолдауында» былай айтқан: «Әркімнің жаны жоғары билікке бағына қоймайды; өйткені Құдайдан басқа билік жоқ, ал барлық басқа билік Құдаймен белгіленген. Сондықтан да билікке қарсы тұрғандар Құдайға қарсы тұрғаны, қарсылық көрсеткен адам күнәға тартылады». Павел басшы «Құдайдың қызметшісі», сондықтан «қорқыныш сезімінен ғана емес, сонымен бірге ар-ұяттан бағыну керек» деп сенді.

Бұл құрылым христиан діні мемлекеттік дінге айналған кезде өз жалғасын тапты. Қоғам алдында діни биліктің ұлықтылығын ескере отырып, шіркеу биліктің Христостан берілгеніне сеніп, осының негізінде жер бетіндегі адамдардың міндеті христиандық шіркеудің басшысына бағыну керек деп айтады. Қасиетті Иероним мен қасиетті Августиннің замандасы қасиетті Амвросий шіркеудің мемлекеттен тәуелсіздігі доктринасын шығарды. Осыдан патшалардың патшалық билігінің шіркеудің діни билігіне тәуелділігі туралы түйін жасалды. Қасиетті Амвросий әсіресе римдықтардың өз императоры алдында әскери қызметін өтеумен міндетті болса, император Құдіретті Құдайға қызмет етумен міндетті деп айтатын. Аса маңызды мән Қасиетті Кітаптың шығуымен аяқталмаған, шіркеу арқылы жалғасын тапқан қасиетті шындыққа берілді, сондықтан әр адам, соның ішінде монарх та шіркеуге бағынуы тиіс.

Қасиетті Августин өзінің «Құдайдың қаласы туралы» шығармасында шіркеу мен мемлекеттің бөлінісі идеясын әлем қаласының Құдай қаласынан бөлінуі түрінде суреттеді. Оның үлгісінде Құдай абсолютті бірлік, жоғарғы болмыс, бәрін қамтитын ақиқат. Сондықтан кез келген пайымдау Құдай пайымдауы. Бұл ретте Августин адамның күнә жасау постулатына сүйенді. Оның ойынша Адам мен Еваның «үлкен күнәсі» «адам табиғаты жаман жаққа өзгеруіне және келешек ұрпаққа күнә жасау мен өлім жазасына кесілуіне» алып келді. Ал бұл күнә адамға еркіндік берген Құдаймен алдын ала жазылған. «Адамды шайтанмен ұқсас қылатын шайтанға да тән дене емес, оның өзімен өзі тұруы... Сонымен, адам Құдайға емес, өзіне сеніп өмір сүрсе, оның шайтаннан артықшылығы жоқ». Адамға туғаннан еркіндік берілгендіктен, ол күнә жасамай өмір сүре алмайды (*non posse non peccare*). Басқаша айтқанда адам туылғаннан бастап күнә жасайды. Бірақ Құдайымыз қайырымды болғандықтан, ол кейбір таңдаулы адамдарға береке берді, яғни олардың мәңгі құтқарылуын жазды. Алайда ешкім де осы таңдаулылар ішіне не кіретінін білмейді. Августин адамның еркіндігін ескере отырып, олардың жақсылық пен жамандықтың арасында таңдау жасауға мүмкіндік береді. Мемлекет күнәшілдер әлімінің жанжалдарына батқан аренасы тәрізді көрінді. Сәйкесінше шіркеуге адамдарға күнәлар жасауға жол бермейтін Құдай әлемінің рөлі тән. Сондықтан мемлекет барлық діни мәселелер бойынша шіркеуге бағынса, Құдай қаласының бір бөлігі болуы мүмкін еді деп айтты Августин. **Саяси философия** және саяси ғылымдардың негізгі сапалы өзгерістері орта ғасырлардан жана заманға өтуімен байланысты. XV-XVIғғ.

жаңа әлем тарихы мен тағдырының маңызды аспектілі этаптары болды. Дәл осы уақытта атақты әлеуметтік, ұлттық-мемлекеттік, саяси, дүниеқозқарастық және өзге де алға жылжулар мен өзгерістер болып, олар өз кезегінде капитализмнің пайда болуы мен дамуына әсер еткен және оның феодализмнің орнына орнығуына әкеліп соқты. Бұл өзгерістер жаңа жүйелік дүниетанымның (Weltanschauung) қалыптасуы мен бекуіне салдарлы болып, адам, қоғам, мемлекет, олардың мәні мен арақатынастары туралы түсініктерді қайта жаңғыртқан, төңкеріс жасаған болатын. Оның негіздерін батыс христиан ілімі, ренессансты және реформациялық мәдени және интеллектуалдық дәстүрлер, ағартушылық және онымен қатынасты әлеуметтік-философиялық және қоғамдық-саяси ілімдер құрады.

Жаңа заман авторлары мемлекеттің құқықтық аспектілерін жасауда аз үлес қоспады. Голландиялық заңгер Г.Горцияның еңбегінде «Соғыс пен бейбітшілік заңдары» алғаш саяси тұрғыдан сараланған заңдық көзқарасы философиялық және теологиялық көзқарасқа қарама-қарсы бірінші фундаменттік шығарма екенінде. Бұл қатарға испандық Ф.Суарестің де еңбегін жатқызуға болады. « Заң және заңгер құдай туралы», неміс заңгері С.Пуфендорф «Табиғат пен халық заңдары» (1672) швейцариялық дипломат Э.де. Ваттельдің «Халық заңдары» және басқалары.Мемлекеттің ұлттық теориясының басты элементі – еркіндік идеясы болды. Сол уақытта билік үшін күрес, династиялық, азаматтық және діни соғысқа ұласты, мемлекеттің тұғырының белгілі бір аумақтағы өзін-өзі басқарудың ұйымдағы басты формасының мойындалуы. Жаңа заман адамзаттық социум тұтастығының азаматтық қоғам мен саяси әлемнің өзіндік сапалығы қалыптасуының негіздемелерінде болса да, адам өмірі әрекетінің өзара байланыстылығы аясында түсіндіріліп отырылады. Бұл феномендер туралы жаңа замандық түсінікте тек тұлға мен азаматтық қоғам мүшесі ретіндегі толық қабылдануы болғанда ғана айта аламыз. Демек, адамның өзіндік ерекше қызығушылықтарын иемденуі, қоғамның талаптары мен оның алдындағы моральды немесе басқа жауапкершіліктер құндылықтарына сәйкес келмей жатқанмен, өз әрекетіндегі маңыздылықты сезіне алуы болды. Батыс өркениетінің азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетке дейінгі жолы өте қайшылықты және ұзаққа созылған әлеуметтік, саяси және идеологиялық коллизиялармен танылып, өзіне кең масштабты саяси революцияларды қамтыды. Бұл процесс тек экономикалық, әлеуметтік және саяси ғана болмады, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени, рухани және моральдық-этикалық трансформацияда болды. Жаңа дәуірдің ойшылдары шешімдеріне қарасақ, қоғам дегеніміз – автономды және индивидтердің өзіндік қалыптастырушылық мүмкіндіктерінен жүйеленетін механизм болса, ал тарихтың мәнділігі ескілікті, тиранды структураларды прогрессивті эмансипациялау көзқарасында болмақ. Бастапқыда Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, Ш.Л.Монтескье және басқаларының азды-көпті аяқталған формаларда болған теорияларынан бастау алған, ал шын мәнісінде істің революциялық трактовкасы адам жөніндегі, қоғам мен мемлекеттегі жалпы қабылданған түсініктерді төңкеріп, феодалды жүйенің корпаративті және

иерархиялық структурасының бұзлуына әкелді. Жария салынып, яғни адам – бірде-біреуінің көмегінсіз өз мақсаттары мен қызығушылығын іске асыра алатын, өзіндік қалыптасатын және еркін индивид делінді. Ол өзі білер, басқаларың, соның ішінде мемлекетті қоспағанда, оған керектінің қайсысы жақсы, қайсысы жаман екендікті болатынын. Соған қаралас, жекелеген индивидтің өзіндік іс-әрекетінің қалыптасушылығының бірі іспеттес, ақылдың еркіндікті маңыздылығы да ұсынылды. Енді қоғамға қатыстылығын алсақ, оны бір-бірінен қызығушылығы мен мақсаттары жөнінен, оған жетудің таңдау жолдары мен жетістіктерінің критерийлері жағынан қарап, әрбіреуінің мақсатқа және қызығушылыққа қатысты таңдау арнасына айналды. «Өткеннің өліарасы» дәстүрлері, ескірген қоғамдың-саяси институттары, діни схоластика және оны қолдаушы феодалдық мемлекеттер, бұлардың барлығы негізгі деген қоғамдық-тарихи прогрестегі жеке еркіндік мәселесін бөгеушілер болды. Басқа сөзбен айтсақ, бостандықты түсіну адамдардың мүмкіндіктері мен әрекеттерін, олардың қажеттіліктерінің сыртқы тежеуші күштердің әсерінде болмайтындығы қырынан таңылды. Жаңа заман ойшылдарының саяси ойлары мемлекетті және ұлттық мемлекетті басқару жүйесін дамытуды көрсету болатын. Бұл негізде Н.Макиавелли бастап, А.Фергюсон аяқтаған француз ойшылдары, мемлекетті басқаруды бірінші орынға қойды.

Бұл әрекет шіркеудегі биліктің орнын басады деген. Осы негізде Н.Макиевеллидің көзқарасы мынандай болатын. Ол адам өмірде саясатты бірінші орынға қойды. Макиавелли діни көзқарасқа қарсы болды. Шындықтың белгісі сенім емес, тәжірибе деп білді. Ол мемлекет деген атауды ғылымға бірінші болып енгізді. Мемлекетті билік жүргізуші мен оған бағыныштылардың қарым-қатынасы деп ұқты. Ол республикалық мемлекетті, еркіндікті, теңдікті қалады. Мемлекет ерікті болса ғана қуатты, абыройлы бола алады. Елдің бірлігі мен қол астыңдағы адамдардың бірлігендігіне келгенде, Макиавелли әділдік пен адамгершілік емес, алға қойған саяси мақсат тұрғынан қарады. Сонымен қатар Макиавелли саясатты өз алдына дербес ғылым ретінде ажыртуға ұмтылды. Оның ойынша, саясат дегеніміз адамның сенімінің символы, сондықтан саясат қоғамда өте маңызды орын алады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995

9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека. Алматы: Ғылым, 2001
10. Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
11. Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С. Философия – Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В. Джембаева Б. Философия. А., 2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М., 2009
15. Гуторов В.А. Философия политики за рубежом тысячелетий : судьба классической традиции. Полис. 2001
16. Василенко И.А. Политическая философия. М., 2004. 204-с
17. Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
18. Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с